

Ф. М. ШАМШИДЕНОВА

Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ СІБІР ЖҰРТЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қазақ халқының маңдайына біткен тамаша ұлдарының бірі, үлкен ғылымның жұлдызы Шоқан Уәлихановтың Сібір жұрты тарихы туралы да біраз пайымдамалары бар. Сібір жерінде Шоқан білімнің кәусар бұлағымен сусындап, зиялы азамат, терең білімді адам, ғалым ретінде қалыптасты. Сібір кадет корпусы А. Завалишин сөзімен айтқанда “ағартушылық пен патриотизмнің өркен жайған жері” болатын. Осындағы орыс әдебиетінің мұғалімі, шығыстанушы, Қазан университетінің түлегі Н.Ф. Костылецкиймен Шоқан өте жақын болған. Г. Потанин “Костылецкий... өр мінезді, әрі өткір тілді, сөзшен адам еді”, – деп сипаттаған. Н.Ф. Костылецкий арқылы Уәлихановтың 1852 жылы белгілі түркітанушы ғалым И.Н. Березин арасындағы достық қатынасы басталады. Березиннің тапсыруымен Шоқан Уәлиханов Тоқтамыстың “Хан жарлығына” талдау жасайды. Әсіресе ондағы көне сөздердің мәнін ажыратуға көп көмектескен. Осылайша екеуі хат арқылы шығармашылық байланыста болады.

И.Н. Березин (1818–1895) ғылыми мақсатпен Иран, Түркия, Кавказ, Дағыстан елдерінде болған. Қазан университетінің профессоры бола жүріп көптеген шығыс халықтарының тарихын, филологиясын, археологиясын зерттеген.

Шоқанның “Профессор И.Н. Березинге хат” деген алғашқы ғылыми еңбектерінің бірі тарихи ғылыми зерттеуге деректерді қалай пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетеді. Шоқанның дарындылығы, ғылымға деген икемділігі, жалпы ғылыми методологияны игергені байқалады. Шоқанның И. Березин сұрақтарына тиянақты жауап беріп, кесек пікір айтуының өзі дарындылығы және білімімен қоса, батылдығын да дәлелдейді.

Шоқан Ресейдің оңтүстік-шығыс кеңістігінде, бүкіл Сібірдің ормандары мен далаларында түрлі тайпалар көшіп жүретінін, ал олардың түп тамыры фин, түрік, монғолдарға жататынын айтқан. Сібір көшпелілері шамандықтар екенін жазған [1, 294].

Ежелгі түріктерде шамандық “кам” деп аталған. Бұл атау V ғ. Еуропаға басып кірген ғұндарға да белгілі болған, ал олардың жоғары шаманы “ата – кам” (әке шаман) титулына ие болған.

Түрік камалары туралы X ғ. құрастырылған Қытайдың “Тан-Шу” хроникасында хакастардың шамандары (гянь) туралы жазылған. “Кам” – ша-

ман сөзі түркі тілдерінің деректері “Құтты білікте”, Махмұд Қашғаридің “Диуани-лұғат-ат-түрік”, “Кодекс куманикусте” кездеседі. Көшпелі түрік тайпалары бұл терминді көптеген жерлерге таратты. Қыпшақтар оны Египетке әкелді. Оңтүстік орыс далаларында қолданылды. И. Мандоки Қоңырдың ойынша, венгрлерде “кам” сөзі ер адамдарға қатысты қолданылған.

Ш. Уәлиханов “Қырғыздардағы шамандықтардың қалдығы” еңбегінде шамандық аспан әлемі – күн, ай, сонымен бірге суларға, т.б. табиғат ғажайыптарын пір тұтқанын айтқан [2, 472]. Деректерге қарағанда шамандар ер адамдар болған. “Кодекс куманикусте” “кам-хатум киши дир”, яғни әйел кам да болғанын байқасақ, “камлык эт” дегенді “болжаймын” деп аударған, латынша – *adiino*. Махмұд Қашғариді осы ежелгі термин “кам ыркләди” (“ырк” – бал ашу, болжау) бар. Түркі камдары қойдың жауырын сүйегімен болжаған. Осындай болжауды орта ғасырдағы Иран деректерінде, ағылшын саяхатшысы А. Дженкинсон жазбаларында кездеседі. Малдың жауырынымен болжау жасау қазақтарда, буряттарда, Сібірдің басқа халықтарында бар. Сібір халықтарының шамандық түсініктерін біле отырып, ежелгі түріктердікі білуге болады. Шамандықтардың қоғамдық қызметі мен рәсімдері де өзгеше болған. Орталық Азия көшпенділерінде шамандықтардың билікке араласуы ерекше дәстүр болса керек. Мемлекет басшыларының өз шамандары болған. Мысалы, Шыңғысханда Тэб-тәңірі деп аталған Кокэчу шаманы болған көрінеді.

Орыс жылнамаларындағы деректерді ғылыми тұрғыда пайдаланудың алғашқы үлгілерін Шоқан еңбектерінен табамыз. Нестор, Есипов, Строганов жылнамаларынан 1201 ж. оқиға тізбегінен Шоқан жусан (евшан) шөбінің бұрқыраған иісі туған топырағын, жерін сағынған адамға ықпалы болғаны туралы қыпшақ өлеңін оқып білген.

Строганов жылнамасы шамамен 1600 жылға жатады. Соловьев “Россия тарихының” VI томында Небольсинге қарсы Строганов жылнамасын жақтап жақсы қорытындылар жасаған болатын. Л. Майков уақыты жағынан екінші шыққан жылнамаға Есипов жылнамасын жатқызды. Оны XVII ғ. бірінші ширегіне жатқызып, одан тек “Строганов жылнамасының” риторикалық қайта өңделуін бай-

қады.

Сібір жылнамаларының бәрінде дерлік Көшімхан туралы тарау бар. Оның бәрі Көшімді “Қазақ Ордасынан келген Мұртаза ұлы...”, – деп басталады [3, 55]. Демек, Көшімнің өзі, біріншіден, Қазақ Ордасының адамы болса, екіншіден, ол Сібір жаулаушысы болған жоқ, тек тақтан Едігерді тайдырды. Керісінше, кейіннен ол Сібірді жаулаған орыс басқыншыларына қарсы күресті. Ресей Қазақстанды отарлауды осы Сібірден бастағаны белгілі, ал Көшім Ресейдің осы шығыстағы агрессиялық саясатына алғашқылардың бірі болып қарсы тұрды десек қателеспейміз.

Әбілғазының шежіресі бойынша Көшім Шыңғыс хан тұқымынан тараған. 40 жыл билік басында болып, өмірінің соңында зағип болып, орыстардың қуғынына ұшырап, маңғыттардың жеріне келіп өлген.

XVI ғ. Сібір жұрты сұлтандар қол астында біріккен бірқатар түрік тілдес халықтардың князьдықтарынан тұрды. Бұл жартылай патшалық тайпалық ұлыстардан құралды және татар, ханты, мансылардың шағын князьдықтары солардың билігінде еді. Бұларда қандай да бір қалың күш болды деп айту қиын. Қай жағынан алса да, әлсіз болған. Сібір жұртының әлсіздігі жүздеген жыл бойы шайбанидтер мен жергілікті “Тайбұға руының” бектерімен тақ үшін күреске алып келді. Ермактың жорығына дейін шайбанид Көшім тақтан Едігерді және князьдық билікте болған оның ағасы Бекболатты тайдырып, Сібір астанасына ие болады. Бекболаттың ұлы Сейдахмат Көшімге үнемі қауіп төндіріп отырған. Сібір хандары Мәскеуге салық төлеуге міндетті болғанымен, жердің шалғайлығын пайдаланып, Көшім орталықтың тапсырмаларын орындай бермеген, тіпті орыстардың жаңа иеліктеріне шабуыл жасап отырған. Көшім Сібірден Оралдың ар жағына баратын су жолдарын басып алады, пелымдық мансыларды өзіне бағындырады, Мәскеуге бағынған остяктардан ясак (салық) жинайды [4, 144].

Н. Карамзин, А. Левшин, П. Небольсин, Катанаяев сияқты тарихшылар да Көшімді қазақ ақсүйегіне жатқызады. Шығыстанушы ғалым Ш. Уәлиханов та “Көшім – қырғыз сұлтаны”, – деп жазды [5, 121].

Шоқанның тағы бір артықшылығы ол Сібір жылнамаларын жақсы білген және оның кейбір құпия тұстарын аша білді. Шоқан Оразмұхамедті Сібір жылнамаларында “казачий салтан” (“қазақ сұлтаны” дегені – *автор*) деп жазғанын айтады [5, 164].

Шынында да, Сібір жылнамаларының бәрінде дерлік “Князь Сейдақты және Қазақ Ордасының патшазадасы Салтанды және Қарашаны тұтқындау, тағы басқаларын өлтіргені туралы” деген тарау бар. Ал, Есипов жылнамасының Абрамов тізімінде бұл оқиға былай жазылады: “... князь Сейдақ Сібір қаласынан шықты, онымен бірге Қазақ Ордасының патшазадасы Салтан және Көшім патшаның қарашасы, олармен бірге 500 әскери адамдар шықты... Княжий Луг деген жерге барып, қырғауылдар салды... Оларды воевода Данила Чулков пен орыс адамдары көріп, князь Сейдақпен елші жөнінде кеңесті... Князь Сейдақ, Тобыл қаласына келіп ақылдасайық...” [3, 257]. Елшілер бұл ұсынысты Сейдаққа жеткізгеннен кейін Сейдақ патшазада Салтанмен және Қарашамен ақылдасып, Данило Чулковқа баруға келіседі. Өздерімен бірге “қорғану үшін 100 әскери адамды алады, қалғанын қала сыртына қалдырады” [3, 257].

Жалпы XIX–XX ғғ. тарихи білімде деректерге сыни талдау әдісі жасалып, оның тұңғыық тереңіне үнілуге, түрлі мағыналық деңгейін ашуға мүмкіндік туды. Тарихшы таңдап алған дерекпен жұмыс істей бастағанда, оның бірінші міндеті мәтінді игеру, оның шығу тегін (авторын, уақытын, жерін, құрастыру мақсатын) және түп нұсқасын анықтап алады. Деректі түсіну үшін оның пайда болуының элеуметтік-тарихи жағдайын есепке алу керек. Барлық деректерде оны құрастырушылардың түсініктері, сенім-мұраттары із қалдырады, құрастырушының жеке көзқарасы мен сол дәуірдің мәдениетін бейнелейді. Кез келген деректе ашық және жасырын ақпарат болады. Сібір жылнамаларындағы жасырын мәліметтің бірі Оразмұхамедтің тұтқындалуы деп түсінсек, оның күрмеуін Шоқан ашып берген, яғни жылнамалардағы “Салтан” дегені Оразмұхамед екенін шешкен. Шоқанның Березинге жазған хатын оқымайынша, мұны түсіне қою қиын деп ойлаймыз. Әрі XVI–XVII ғғ. орыс тілі мен қазіргі орыс тіліндегі айырмашылықтар да жетеді.

Қорыта айтқанда, Шоқанның Сібір жұрты туралы негізгі дерек Сібір жылнамаларын ұтымды пайдаланып, Көшім хан мен Оразмұхамед тұлғасын айқындаған. Сібірдің географиялық жағдайына сипаттама жасай отырып, халқының өмір салтына тоқталып, шамандарға түсінік жазған. Шоқанның деректермен жұмыс істеудегі ғылыми әдістерінен көп нәрсені үйренуге болады деп пайымдаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Валиханов Ч.* Заметки по истории южносибирских племен // Валиханов Ч. Собр. соч. В 5 т. Алма-Ата, 1984. Т. 1.
2. *Валиханов Ч.* Соч. Алма-Ата, 1961.
3. Сибирские летописи. СПб., 1904.
4. *Бахрушин С.В.* Пути в Сибирь в XVI–XVII вв.// *Бахрушин С.В.* Научные труды. М., 1955. Ч. 1.
5. *Валиханов Ч.* Письмо профессору Березину// *Валиханов Ч.* Собр. соч. В 5 т. Алма-Ата, 1984. Т. 1.

Резюме

В статье рассматриваются исследования Ч. Валиханова о сибирских поселениях, анализируются географическое положение, обычаи и традиции народов Сибири (в частности, дается обоснование понятия «шаманство»).

Summary

The article examines the Ch. Valikhanov's research on Siberian settlements, analyzes the geographical situation, customs and traditions of Siberian peoples. Ch. Valihanov defines the meaning of the term «shamanstvo».